БЕКБОСИНОВА АСЕЛЬ СЕРИКЖАНОВНА

«8D04101 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» дайындық бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

АҢДАТПА

ТАҚЫРЫБЫ: «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫН ЖАҢҒЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясаты шеңберінде зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін жаңғыртудың өзектілігі осы секторды жүйелі реформалауды қажет ететін әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және қаржылық факторлардың тұтас кешенімен айқындалады. Қазіргі жағдайда, мемлекеттік институттар әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету саласында өсіп келе жатқан сын-қатерлерге тап болған кезде, зейнетақы жүйесін жетілдіру мәселелері қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуы үшін стратегиялық маңызға ие болады. Еліміздің ұзақ мерзімді даму стратегияларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Президентінің бағдарламалық құжаттары мен жолдаулары зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін өзгермелі сыртқы және ішкі жағдайларға бейімдеу қажеттілігіне назар аударады. Қазақстан зейнетақы жүйесінің одан әрі дамуы үшін түбегейлі реформа жүргізу қажет. 2014 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін 2030 жылға дейін одан әрі жаңғырту тұжырымдамасы» оны әзірлеу кезінде өзекті болды, алайда қазіргі заманғы жағдайлар жаңа, неғұрлым өзекті мәселелерді шешуді талап етеді.

Зейнетақымен қамсыздандыру ел экономикасының ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан соңғы жылдары көптеген елдердегі демографиялық жағдайдың өзгеруіне байланысты зейнетақы жүйесін реформалау мәселесі ерекше маңызға ие болды. Зейнеткерлік жаста қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету адам өміріндегі басты аспект болып табылады және зейнетақымен қамсыздандырудың лайықты деңгейіне қол жеткізу мемлекеттің қазіргі әлеуметтік саясатының басымдығына айналады. Бұл «Қазақстан-2050» стратегиясында көрініс тапқан.

Зейнетақы жүйесін реформалаудың өзектілігін анықтайтын іргелі факторлардың бірі халықтың демографиялық қартаюы болып табылады. Бұл процесс мемлекеттік ресурстарға жүктемені арттыра отырып, жұмыс істеп тұрған зейнетақы жүйесінің тұрақтылығына сыни әсер етеді. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің деректеріне сәйкес зейнеткерлік жастағы адамдар саны үнемі артып келеді. Егер 2023 жылы 60 жастан асқан азаматтардың үлесі халықтың шамамен 12% құраса, онда 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш 20%-ға жетуі мүмкін, бұл тұрақты зейнетақы төлемдерін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды айтарлықтай арттырады деп болжануда.

Халықтың өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы, туу деңгейінің төмендеуімен қатар, халықтың жалпы құрылымындағы егде жастағы адамдардың үлесінің артуына әкеледі, бұл экономикалық белсенді халық пен зейнеткерлердің арақатынасына тікелей әсер етеді. Осындай демографиялық өзгерістер жағдайында зейнетақы жүйесін реформалау аса өзекті болып отыр. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы Жолдауында ұзақ мерзімді орнықтылық пен әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету мақсатында, атап айтқанда, зейнетақы жинақтарының деңгейін арттыру және халықтың неғұрлым осал топтары үшін әлеуметтік қолдаудың икемді тетіктерін енгізу арқылы зейнетақы жүйесін терең жаңғырту қажеттігін атап өтті.

2021 жылы бекітілген Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму бағдарламасына сәйкес әлеуметтік саясат саласындағы басты мақсаттардың бірі зейнетақы жүйесінің экономикалық негіздерін нығайту болып табылады. Атап айтқанда, құжатта жеке жинақтардың рөлін күшейтуді қоса алғанда, зейнетақы төлемдерін қаржыландыру көздерін әртараптандыру жөніндегі шараларды көздейді. Реформаның маңызды элементі зейнетақы төлемдерінің ең төменгі мөлшерін арттыру және инфляция деңгейін ескере отырып зейнетақыларды тұрақты индекстеу болып табылады, бұл жүйенің ұзақ мерзімді тұрақтылығын және зейнеткерлерді экономикалық күйзелістерден қорғауды қамтамасыз етуі тиіс, бірақ қабылданған бұл іс-шаралар жеткіліксіз болып отыр.

Бүгінгі таңда қазақстандық зейнетақы жүйесі үш деңгейден тұрады: базалық, жинақтаушы және ерікті. Жинақтаушы компоненті жұмыс берушілер мен қызметкерлердің міндетті жарналары есебінен қалыптастырылады. Алайда, халықтың едәуір бөлігі, әсіресе ауылдық жерлерде және әйелдер арасында, зейнеткерлікке шыққаннан кейін лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаражат жинау қиынға соғады. Сондай-ақ бейресми жұмыспен қамтудың жоғары үлесі көптеген азаматтардың жинақтаушы зейнетақы жүйесінен тыс қалуына немесе зейнетақы жинақтарының жеткіліксіздігіне әкеледі. Президент өзінің 2022 жылғы жолдауында осы теңсіздіктерді жою және зейнетақы төлемдерін неғұрлым әділ бөлуді қамтамасыз ету үшін жинақтаушы жүйені реформалау қажеттігін ерекше атап өтті. Ұсынылған шаралардың ішінде ең төменгі зейнетақы төлемдерін 2024 жылдан бастап 10%-ға ұлғайту – бұл аз қамтылған зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпал етуі тиіс.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясаты шеңберінде зейнетақы жүйесін жаңғырту демографиялық, экономикалық және әлеуметтік факторлардың күрделі үйлесімінен туындаған аса өзекті міндет болып табылады. Халықтың қартаюы, экономикалық тұрақсыздық және әлеуметтік әділеттілікті арттыру қажеттілігі зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалауды шұғыл басымдыққа айналдырады. Мемлекеттің бағдарламалық құжаттарында енгізілген мемлекеттік бастамалар ұзақ мерзімді болашақта барлық азаматтар үшін лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті тұрақты, әділ және технологиялық дамыған зейнетақы жүйесін құруға бағытталған, бірақ қазіргі зейнетақы жүйесі өзгерістерді талап етеді.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың **мақсаты** – мемлекеттің зейнетақымен қамтамсыздандыру жүйесін басқаруға әсер ететін

факторлар кешенін экономикалық-математикалық моделдеу негізінде зерттеп, Қазақстан зейнетақы жүйесін жаңғырту бойынша мемлекеттік басқару шараларын ұсыну.

Қойылған мақсатқа сәйкес келесі міндеттер шешіледі:

- зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін басқарудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеу;
- зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін басқару және реформалаудағы халықаралық тәжірибені салыстыру;
- зейнетақы қамсыздандыру жүйесінің тұрақтылығын айқындайтын өлшем шарттарды анықтау және талдау;
- зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің тұрақтылығына әсер етуші факторларды анықтау және оларды Шеннон энтропиясы арқылы бағалау;
- экономикалық-математикалық модельдеу негізінде Қазақстан зейнетақы жүйесіне әсер етуші факторларды анықтай отырып, зейнетақымен қамсыздандырудың әділдігін, тұрақтылығын және тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Good Governance тұжырымдамасына сәйкес зейнетақы жүйесін құруды негіздеу;
- зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін басқаруды және дамуын тежейтін мәселелерді анықтап, оларды төмендету жолдарын ұсыну;
- зейнетақы жүйесін мемлекеттік басқаруда халықтың сенімі мен қызығушылығын жоғарлатудың заманауи құралдарын ұсыну.

Зерттеу объектісі. Диссертациялық зерттеудің объектісі әлеуметтік саясаттың құралы ретінде зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі болып табылады.

Зерттеу пәні. Зерттеу пәні – бұл зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін мемлекеттік басқару кезінде туындайтын әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастар жиынтығы болып табылады.

Зерттеу әдістері. Ғылыми жұмысты жазу аясында зерттеудің сапалық және сандық әдістері қолданылды: салыстырмалы, статистикалық, факторлық талдау жүргізілді және Шенон энтропиясы арқылы көрсеткіштер бағаланды. Зерттеуде деректерді өңдеу үшін «Excel», «JASP», «Qda Miner Lite», «Jamovi» сияқты қолданбалы эконометрикалық және статистикалық пакеттер пайдаланылды.

Жүргізілген зерттеудің **ғылыми жаңалығы** зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің тұрақтылығына әсер ететін әлеуметтік саясат факторларының әсерін, атап айтқанда демографиялық, әлеуметтік, экономикалық, еңбек нарығы факторларының әсерін кешенді бағалай отырып, зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін басқару бойынша ұсынымдар кешенін ұсыну болып табылады.

Зерттеу барысында диссертациялық жұмыстың жаңалығын анықтайтын **ғылыми негізделген нәтижелер** алынды:

- іргелі және теориялық негіздерге сыни талдауды жүзеге асыра отырып, «зейнетақы жүйесін мемлекеттік басқару» терминіне авторлық түсіндірмесі берілді;
- «Public Administration», «New Public management», «Good Governance» моделдерінің ерекшеліктерін ескере отырып, зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін мемлекеттің реттеудің элементтері жүйеленді;

- зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығына әсер ететін мемлекеттің әлеуметтік саясат аясындағы басқару факторлар кешені анықталды және Шенон энтропиясы арқылы жинақталған көрсеткіштер бағаланып, эконометрикалық модель ұсынылды;

- сарапшылық бағалау негізінде мемлекеттің зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу реформасы қысқа мерзімді көмек көрсеткенімен, ұзақ мерзімді болашақта зейнетақы жүйесінің тұрақтылығына қауіп төндіретіні айқындалды;

- болашақ зейнеткерлердің әл-ауқатын арттыруға және халықтың зейнетақы жүйесін басқаруға деген сенімін нығайтуға бағытталған ұсыныстар берілді, мысалы: цифрлық, инновациялық құралдарды, яғни блокчейндерді, геймификация элементтерін қолдану зейнетақы жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ете отырып, халықтың зейнетақы жүйесіне деген сенімін арыттырады және мемлекеттік органдарға функцияларына сәйкес ұсыныстар берілді.

Автор қорғауға шығарған диссертацияның негізгі ережелері:

– Әлеуметтік саясатты жаңғырту шеңберінде зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік стандарттарды, демографиялық факторлар мен экономикалық көрсеткіштерді интеграциялауды қамтитын зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін мемлекеттік басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздері әзірленді.

– Мемлекеттік бюджеттегі зейнетақы шығындарының үлесі, тәуелділік коэффициенті (бір зейнеткерге жұмыспен қамтылған қызметкерлер саны), зейнетақының ең төменгі мөлшері және зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі өмір сүру ұзақтығы сияқты көрсеткіштерді пайдалануға негізделген зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын кешенді бағалау әдістемесі ұсынылды.

– Зейнетақы жүйесінің ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығына теріс әсер ететін зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу реформаларын қайта қарау қажеттілігі негізделді, бұл сараптамалық бағалаумен және қаржы-экономикалық көрсеткіштерді талдаумен расталды.

– Зейнетақы жүйесін мемлекеттік басқару тиімділігінің индикаторлары қалыптасты, мысалы, ең төменгі зейнетақы деңгейі, табысты алмастыру коэффициенті, әлеуметтік саясатты өзгермелі жағдайларға бейімдеу және мониторинг құралы ретінде қызмет ете алатын зейнетақылардағы бюджеттік шығыстардың үлесі.

– Демографиялық өзгерістерді, халықтың еңбек белсенділігін және зейнетақы жинақтарының кірістілік көрсеткіштерін қоса алғанда, зейнетақы жүйесін мемлекеттік басқарудың тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлар анықталды, бұл әлеуметтік саясаттың мониторингі үшін индикаторларды қалыптастыруға мүмкіндік берді.

– Халықтың ашықтығын, сенімін және зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру үшін цифрлық технологиялар мен инновациялық құралдарды пайдалануды қоса алғанда, Қазақстанның зейнетақы жүйесін жаңғырту бойынша практикалық ұсынымдар кешені әзірленді.

Докторанттың әр жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы.

Диссертациялық зерттеу бойынша 7 бірлік ғылыми жұмыс, оның ішінде: 1 мақала – Scopus халықаралық рейтингтік дәйексөз базасына кіретін шетелдік журналдарда; 3 мақала – ҚР ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда; 3 мақала-материалдарда көрсетілген халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған**.** Scopus базасына кіретін басылымындағы мақала соавторлармен бірлесіп жазылған және докторанттың осы мақалаларды дайындауға қосқан үлесі 80%.

«The impact of investment and social factors on pension savings in Kazakhstan» мақаласында Қазақстандағы зейнетақы жинақтарына инвестициялық және әлеуметтік факторлардың әсері зерттелген. Зеттеу нәтижелері зейнетақы қорларын басқару және зейнетақы жүйесіндегі реформалар туралы ақпарат беру үшін құнды ақпарат береді. Бұл мақала отандық кеңесшімен бірлесе отырып, және басқа зерттеушілердің аударма жасауға, түзетулер енгізуімен дайындалып, «Investment Management and Financial Innovations» журналында жарияланды. Докторант зерттеудің теориялық, әдістемелік бөлігін дайындап, деректерді жинап, SPSS қосымшасының көмегімен деректерді өңдеді.

«Factors Influencing the Saving Behavior of Rural and Urban Self-Employed Individuals within the Context of the Kazakhstan Pension System» мақаласы Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың жинақтаушы мінез-құлқына әсер ететін факторларды анықтауға, оларды ұлттық зейнетақы жүйесіне тартуға бағытталған. Ол қалалық және ауылдық жерлерде өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарға әсер ететін субъективті және объективті факторларды зерттей отырып, дамып келе жатқан экономикалардағы мінез-құлықты сақтау туралы әдебиеттерге өз үлесін қосады. Докторант теориялық, әдістемелік бөлімдерін соавторлармен бірлесе отырып дайындап, сауалнама жүргізуге деректерді жинап оларды өңдеді және нәтижелерімен бөлісті.

«Advantages and Disadvantages of Early Withdrawal of Pension Savings: an Expert Assessment» мақаласында зейнетақы жинақтарын алдын-ала алу мүмкіндігіне эксперттердің көзқарасы анықталған. Докторант теориялық, әдістемелік бөлімдерін соавторлармен бірлесе отырып дайындап, сауалнама жүргізуге деректерді жинап оларды өңдеді және нәтижелерімен бөлісті.

«The Impact of the Financial Wellbeing of the Elderly of Kazakhstan on Their Family Life» мақаласында зейнеткерлердің қаржылық әл-ауқаты оның өміріне, отбасымен қарым-қатынасына әсері қарастырылған. Докторант зерттеудің теориялық, әдістемелік бөлігін дайындауға қатысып, қорытынды бөлімін түйіндеді.